



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БАӘ-НІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІ МҰХАММЕД САИД МҰХАММЕД ӘЛ-АРИКИДІ ҚАБЫЛДАДЫ



Кездесу барысында Мемлекет басшысы Қазқастанның Біріккен Араб Әмірліктерімен достық және бауырластық байланыстарды дамытуға, өзара мүддеге сай көптеген бағыт бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға бейіл екенін атап өтті.

Президент халықаралық күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде екі ел ұстанымдарының

ұқсастығына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Таяу Шығыстағы ахуалға, соның ішінде Иран тарапының Біріккен Араб Әмірліктері аумағын бомбалап жатқанына алаңдаушылық танытты.

Мемлекет басшысы аталған елдің азаматтық инфрақұрылымына жатқан әскери шабуылды Қазақстан алғашқылардың бірі болып

айыптағанын, бұл туралы БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянмен телефон арқылы сөйлескен кезде мәлімдегенін еске салды.

Қазақстан Таяу Шығыстағы әскери іс-қимылдардың бейтарап мемлекеттерді шарпып жатқанына қарсы.

Осы орайда жағдайды ушықтырмай, аталған әскери қақтығысқа қатысы жоқ БАӘ мен Шығанақ елдерінің егемендігін, аумақтық тұтастығын бұзбауға, сондай-ақ шиеленісті саяси-дипломатиялық жолмен реттеуге шауырады.

Президент еліміздің қажет болған жағдайда бейбіт келіссөздер өткізу үшін алаң ұсынуға дайын екенін растады.

Елші Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Ариқи Қазақстанның БҰҰ Жарғысының қағидаттарын берік ұстанып, Әмірліктер мен Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесіне қатысушы барлық елдің егемендігіне, аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне құрметпен қарағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

akorda.kz

ҮКІМЕТ ҚАЗАҚСТАНДА КӨМІР ГЕНЕРАЦИЯСЫН ДАМУ ТҮЖЕУІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЖОБАНЫ БЕКІТТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында берген тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет «Көмір генерациясын дамыту» жөніндегі ұлттық жобаны бекітті. Тиісті Қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Құжат Қазақстанның 2030 жылға дейінгі энергетикалық қауіпсіздігінің стратегиясын айқындайды, сондай-ақ, индустрияландыру және цифрлық экономиканы дамыту барысында қажеттілігі бірнеше есе арта түсетін базалық қуаттардың тапшылығын жоюға бағытталған.

ІТ-сектордың өсуі, деректер орталықтарын құру және жасанды интеллектіні енгізу тұрақты базалық жүктемені қажет етеді, ал оны тек жаңартылатын энергия көздерінің бір өзі қамтамасыз ете алмайды.

Ұлттық жобадан 7,8 ГВт қуат көзін енгізу және жаңарту қарастырылған. Сегіз жаңа энергия өндіру көзін салу жоспарланған, оның ішінде Екібастұз (2 640 МВт), Курчатов (700 МВт) және Жезқазғандағы (500 МВт) ірі нысандар, сондай-ақ Көкшетау, Семей және Өскемендегі заманауи ЖЭО-лар бар.

Сонымен қатар Ақсу ГРЭС, Екібастұз ГРЭС-2 және Қарағанды энергия торабын қоса алғанда, жұмыс істеп тұрған 11 стансаны терең жаңғырту басталады.

Бұл жұмыстар саладағы негізгі жабдықтардың тозу деңгейін 2030 жылға дейін 12,6%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Жобаларды жүзеге асыру бюджеттен тыс қаражатқа, яғни инвестициялар тарту жолымен орындалады.

Инвестициялардың жалпы көлемі – 7,5 трлн теңгеден астам. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шеңберінде Ұлттық жобадан экологияға және «таза көмір» технологияларын енгізуге ерекше назар аударылып отыр.

Енді жаңадан салынатын құрылыстар тек қана заманауи технологиялық шешімдерді қолдана отырып жүргізілетін болады.

Бұл тиімділіктің стандартты көрсеткіштерден жоғары болуын қамтамасыз етеді және қалдықтардың үлесін айтарлықтай азайтады. Мұндай жобалар жоғары технологиялық электр сүзгілерін орнатуды, азот тотықтарын каталитизаторлық жолмен қалпына келтіру жүйелерін қолдануды және газдарды дымқыл жолмен күкірттен арылтуды көздейді.

Бұл шаралар халықаралық стандарттарға және «ең үздік қолжетімді технологияларды» (ҚДТ) қолдану талаптарына сәйкес қалдықтар концентрациясын төмендетуге мүмкіндік береді.

Жобаның әлеуметтік блогы кадрлық өткір проблемаларды шешуге бағытталған. Жаңа жұмыс орындарын құру, оның ішінде 4,5 мыңға жуық тұрақты жұмыс орындарын ашу қарастырылған және ауқымды әлеуметтік қолдауды іске қосу көзделіп отыр. «Отбасы банкімен» бірлесіп көмір электр стансаларының қызметкерлері үшін жеңілдікті ипотека енгізіледі.

Одан бөлек салалық жоғары оқу орындарының базасында мамандардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру жоспарланған.

Аталған жоба жаңарған энергия жүйесінің тұрақты жұмысын жолға қою мақсатында өндіруші және көлік салаларымен үйлестірілген. 2030 жылға қарай энергетикалық мақсаттағы көмірге қосымша сұраныс жылына шамамен 20 млн тонна құрайды. Ол үшін Ұлттық жоба ашық вагондар паркін кеңейтуді (тәулігіне қосымша 600 бірлік), теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуды және ішкі қажеттіліктер үшін отын тасымалдаудың болжамды тарифтік дәліздерін енгізуді көздейді.

Нәтижесінде, Ұлттық жобаны жүзеге асыру Қазақстанға энергетикалық егемендігін нығайтып, ел аумағында қазандық агрегаттарын, трансформаторлар мен автоматтандыру жүйелерін өндіруді ынталандыра отырып, отандық машина жасау саласында мультипликативтік әсер тудыруға мүмкіндік береді. Осылайша, көмір генерациясы ұзақ мерзімді экономикалық өсім үшін қажетті базаны қамтамасыз ететін жоғары технологиялық және экологиялық жауапты секторға айналады.

primeminister.kz

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ПЕН МИХАИЛ МИШУСТИН ҚР ЖӘНЕ РФ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов пен Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин екіжақты келіссөздер жүргізді. Онда сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастық, өнеркәсіп, энергетика және көлік саласындағы жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ экология саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері қаралды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Владимир Владимирович Путиннің бірлескен күш-жігерінің арқасында қазақ-ресей қатынастары өзара іс-қимылдың сапалы жаңа деңгейіне көтерілді. Соңғы жылдары өзара сауда көлемі \$30 млрд-тық межеге едәуір жақындады», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Ресей Қазақстан экономикасына салынған инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы елдер қатарында. Мәселен, өткен жылдың 9 айында көршімізден \$2,1 млрд инвестиция тартылды. Ал 20 жыл ішінде ресейлік тікелей инвестициялар көлемі \$28,5 млрд-қа жетті. Қазақстан РФ экономикасына \$9 млрд инвестиция салды.

«Сізді және қазақстандықтарды тарихи оқиғамен, жаңа Конституцияларыңыздың қабылдануымен шын жүректен құттықтаймын. Референдум нәтижесі Қазақстан халқының ел Президенті, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың заманауи әрі өркендеген мемлекет құру, республика азаматтарының әл-ауқатын арттыру бағытын қолдайтынын нақтылай түсті», — деп атап өтті Михаил Мишустин. Келіссөздер барысында Каспий теңізінің экожүйесін сақтау және табиғатты қорғау бастамаларын жүзеге асыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдарға да назар аударылды. Қазақстан Каспий теңізі деңгейінің одан әрі төмендеуін болдырмауға және экологиялық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған барлық Каспий маңы мемлекеттерінің жүйелі және келісілген өзара іс-қимылын қолдайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Каспийдің су ресурстарын сақтау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламаның жобасы әзірленуде.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту ниетін растады.

primeminister.kz



ЖЕТИСУДА «МӨЛДІР БҰЛАҚ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА БІР КҮНДЕ СЕГІЗ БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІ АШЫЛДЫ



Наурызнама онкүндігі аясындағы Тазару күніне орай Жетісу облысында бұлақ тазалауға арналған «Мөлдір бұлақ» ауқымды экологиялық акциясы өтіп, өңірдегі сегіз бұлақтың сөзі ашылды. Көксу ауданында өткен осындай акцияға облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көксу ауданы Бесқайнар ауылындағы бұлақ басына 200-ден астам адам жиналды. Олардың қатарында ауыл тұрғындары, колледж студенттері, өңірдегі су шаруашылығы мекемелерінің өкілдері бар.

Жиналғандарды Тазару күнімен құттықтаған облыс әкімі Бейбіт Исабаев Наурыз мейрамы мәнінің адамның рухани тазаруымен аса-

тасып жатқанын атап өтті:

- Соңғы жылдары «Таза Қазақстан» бағдарламасының аясында Мемлекет басшысының бастамасымен «Менің аулам - менің көшем - менің ауылым - менің елім» форматында жыл бойы қоршаған ортаны тазалау, ағаш егу, саябақтар мен скверлер салу, суару жүйелерін жақсарту мәселесіне өте үлкен мән беріліп келеді. Біз табиғаты таза, суы мөлдір, шөбі шұрайлы Жетісу жерін ұрпақтарымызға таза, құнарлы қалпында қалдыруымыз керек. Осындай мақсатта бүгінгі Тазару күнінде бұлақтың көзін тазалап, ағаш егіміз. Бұл экологияны жақсартып қана қоймай, адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға ықпал етеді, - деген Б. Исабаев барлық аудан орталықтарында саябақтар қайта жаңғыртылып, суару жүйелері жолға қойылатынын жеткізді, сондай-ақ бүгінгі шараға белсене қатысып отырған азаматтарға ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Арсен Жақанбаев, Көксу аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сайлаубай Бәзілов, «Экологиялық еріктілер» ұйымының мүшесі Ұлан Уәлиев сөз алып, іс-шараның жас ұрпаққа тағылымы мол, табиғатқа жасалған үлкен қамқорлық екенін айтты.

Мұнан соң облыс басшысы ауыл тұрғындарымен бірге бұлақтың көзін ашып, жас көшеттер отырғызды. Ақцияға қатысушылардың бірі «Қазына» балабақшасының қызметкері Дәурен Райымбеков те пікірін білдірді:

- Балаларымызды тазалыққа бейімдесек, қоршаған ортаға қамқорлық жасауға үйретсек, оны сөз жүзіндегі ақыл айту емес, өзіміз істеп үлгімізбен көрсетсек, бұл нәтижелі болады. Бүгінгі шара - соның бір айқын көрінісі. Бұлақ - халқымызда судың басы, тіршіліктің көзі. Сондықтан бұлақты ашу - көктемдегі өте маңызды іс, - деді ол.

Атап өтсек, осындай іс-шаралар Көксу ауданымен қатар Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал және Панфилов аудандарында өтіп, бір күнде жалпы саны сегіз бұлақтың көзі ашылды. Бұлақ маңын тазалау мен абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, бір бұлаққа табиғи жер бетіне шығу күші қалпына келтірілді. Бұл бастау көздердің суы ауыз су, емдік және шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланылып, су ресурстары тапшылығы жағдайында сумен қамтамасыз етудің қосымша көзі ретінде қарастырылады.

Жалпы «Мөлдір бұлақ» акциясы аясында облыс көлемінде «7 OZEN» экологиялық іс-шарасы 23 наурыздан бастап 2 мамырға дейін жалғасып, өңірдегі Қаратал, Көксу, Лепсі, Ақсу, Бүйен, Іле, Басқан өзендерінің жағалаулары және бұлақ көздері тазартылады.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ - ҰРПАҚ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ

Ұлттық спорт - халықтың тарихи жадын, мәдени болмысын және рухани құндылықтарын бойына жинақтаған ерекше құбылыс. Ол тек жарыс немесе дене шынықтыру құралы ғана емес, ұлттың мінезін, дүниетанымын, өмір сүру салтын көрсететін айна іспеттес. Сондықтан да ұлттық спортты «ұрпақ рухының айнасы» деп атау - терең мағыналы тұжырым.

Қазақ халқының ұлттық спорт түрлері ғасырлар бойы қалыптасқан. Олар ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігімен, табиғатпен етене байланысын туындаған. Көшпелі өмір салты жылқыны ерекше қадірлеуді талап етті. Соның нәтижесінде бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу сияқты ойындар пайда болды. Бұл ойындар тек көңіл көтеру үшін ғана емес, жауынгерлік дайындықтың бір түрі ретінде де қызмет атқарды. Мысалы, көкпар тарту барысында жігіттер күш-қайратын, ептілігін, батылдығын көрсетсе, аударыспақта қарсыласын ат үстінде аударып түсіру арқылы шеберлігін дәлелдеген. Ал бәйге - жүйріктікті, төзімділікті, ұзаққа шыдас беруді талап ететін сайыс.

Ұлттық спорт түрлерінің әрқайсысы тәрбиелік мәнге ие. Олар жас ұрпақты батылдылыққа, төзімділікке, ептілікке, намысшылдыққа баулиды. Мәселен, қыз қуу ойыны тек жарыс емес, ол ұлттық әдептіліктің, сұлулық пен сыйластықтың көрінісі. Жігіттің қызды қуып жетуі - оның батылдығы мен ептілігін білдірсе, жете алмаған жағдайда қыздың қамшымен жеңіл түрде жазалауы - әзіл мен тәрбиеге толы дәстүр. Осындай ойындар арқылы жастар ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді.

Ұлттық спорт - тек өткеннің мұрасы емес, ол бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтпаған құндылық. Қазіргі таңда ұлттық спорт түрлері қайта жаңғырып, түрлі деңгейдегі жарыстарда кеңінен насихатталуда. Республика көлемінде ұйымдастырылатын ұлттық ойындар фестивальдері, көкпардан чемпионаттар, бәйге жарыстары - соның айғағы. Бұл шаралар жастардың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырады.

Сонымен қатар, ұлттық спорт - ұлт бірлігінің де символы. Жарыс кезінде адамдар бір мақсатқа бірігіп, ортақ мүдде үшін жанкүйер болады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы ынтымақ пен бірлікті нығайтады. Әсіресе ауылдық жерлерде өткізілетін ұлттық ойындар халықтың басын қосып, рухани байланысты күшейтеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау - маңызды мәселелердің бірі. Шетелдік мәдениет пен заманауи үрдістердің ықпалы күшейген сайын, ұлттық ерекшелікті жоғалтып алу қаупі бар. Осындай кезеңде ұлттық спорт - ұлттың өзіндік болмысын сақтаудың тиімді жолдарының бірі. Сондықтан оны мектеп бағдарламасына енгізу, спорт секцияларын көбейту, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау - кезек күттірмейтін міндет.

Ұлттық спорттың тағы бір маңызды қыры - оның денсаулыққа тигізетін пайдасы. Ат үстіндегі ойындар адамның дене бұлшықеттерін дамытып қана қоймай, төзімділігін арттырады. Сонымен қатар, таза ауада өтетін жарыстар адамның жалпы физикалық және психологиялық жағдайына оң әсер етеді. Бұл - қазіргі замандағы қозғалыс азайған қоғам үшін аса маңызды.

Қорытындылай келе, ұлттық спорт - ұлттың рухани айнасы, тарихи мұрасы және болашаққа апарар алтын көпір. Ол арқылы біз ата-бабаларымыздың өмір салтын, дүниетанымын танып, сол құндылықтарды келер ұрпаққа жеткіземіз. Ұлттық спортты дамыту - тек спортты дамыту емес, ол ұлт рухын көтеру, ұлттық сананы нығайту. Сондықтан әрбір азамат ұлттық спортты құрметтеп, оны дәріптеуге өз үлесін қосуы тиіс.



Заман Төлегенұлы

ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі - көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және халықтың сапалы қызмет алуын бақылау болып табылады.

2025 жылы жүргізілген қашықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде 645 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Аталған жұмыс тұрақты түрде бақылауда және жалғасын табууда.

Ағымдағы жылы да жоспардан тыс тексеру нәтижесінде қызметалушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, Жаркент қаласының тұрғынына жер учаскесіне заңсыз түрде қол қойылмағаны белгілі болды. Анықталған заңбұзушылық қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына қатысты болғандықтан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Департаменттің араласуымен мәселе оң шешімін тауып, қызмет алушыға жер учаскесі берілді. Өз кезегінде, заңбұзушылыққа жол берген жауапты лауазымды тұлға өкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл жағдай қабылданған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ заңдылық пен әділдік қағидаттарына адалдықты айқын көрсетеді. Қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету - Департамент жұмысының басты басымдығы болып қала береді.

ЖАСТАР ЖӘНЕ БІЛІМ - БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі - экстремизм мен радикализмнің таралуы. Бұл құбылыс тек бір елдің ғана емес, бүкіл әлемнің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Экстремизм - қоғамдағы тұрақтылықты бұзатын, адамдарды зорлық-зомбылыққа итермелейтін қауіпті идеология. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алуда отбасының рөлі ерекше маңызды. Себебі отбасы - жеке тұлғаның қалыптасатын алғашқы әрі негізгі ортасы.

Отбасы - бала тәрбиесінің алтын ұясы. Әрбір адам ең алдымен ата-анасынан тәрбие алып, өмірлік құндылықтарды сол ортада меңгереді. Баланың дүниетанымы, көзқарасы, мінез-құлқы отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты.

Егер отбасыда мейірім, сыйластық, түсіністік пен дұрыс бағыт-бағдар болса, бала да қоғамға пайдалы, саналы азамат болып өседі. Ал керісінше, бақылаусыздық, неміқрайдылық немесе қатыгездік орын алған жағдайда жасөспірім теріс жолға түсуі мүмкін.

Экстремизмнің алдын алуда ең алдымен ата-ананың балаға дұрыс тәрбие беруі аса маңызды. Баланың бойына адамгершілік, төзімділік, өзге пікірге құрметпен қарау сияқты қасиеттерді сіңіру - басты міндеттердің бірі. Әсіресе қазіргі ақпараттық заманда балалар мен жастар түрлі интернет ресурстар арқылы әртүрлі идеологиялардың ықпалына түсуі мүмкін. Сондықтан ата-ана баласының қандай ақпарат тұтынып жүргенін бақылап, онымен ашық әңгіме жүргізіп, дұрыс бағыт беруі тиіс.

Сонымен қатар, отбасы мүшелері арасында сенімді қарым-қатынас орнату - экстремизмнің алдын алудың тиімді жолы. Егер бала ата-анасына өз мәселесін ашық айта алса, ол сырттан келетін күмәнді ықпалдарға қарсы тұра алады.

Керісінше, отбасыда түсіністік болмаса, бала өзіне қолдау іздеп, бөтен ортаға тәуелді болуы мүмкін. Ал мұндай жағдайларда радикалды топтар жастарды өз ықпалына оңай тартып алады.

Діни сауаттылық та бұл мәселеде маңызды рөл атқарады. Кейбір жастар діни білімнің таяздығынан жалған уағыздарға еріп кетеді. Сондықтан ата-ана баласына діннің шынайы құндылықтарын дұрыс түсіндіруге, оның заңдылығын қоғамдағы орнын ұғындыруға көңіл бөлуі қажет. Бұл ретте дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу, ұлттық тәрбие беру де үлкен маңызға ие.

Отбасы тек тәрбие беріп қана қоймай, баланың бас уақытын тиімді ұйымдастыруға да ықпал етуі тиіс.

Спортпен шұғылданду, өнерге қызығушылық, кітап оқу - жасөспірімнің дұрыс қалыптасуына көмектеседі. Мұндай пайдалы істермен айналысқан бала теріс әрекеттерден аулақ болады. Сондықтан ата-ана баласының қызығушылығын қолдап, оның дамуына жағдай жасауы қажет.

Қазіргі таңда мемлекет те экстремизмнің алдын алу бағытында түрлі бағдарламалар мен іс-шаралар жүргізуде. Дегенмен, бұл күресте отбасының орны бөлек. Себебі кез келген қауіптің алдын алу ең алдымен үйден басталады. Отбасыда берілген дұрыс тәрбие - қоғамдағы қауіпсіздіктің кепілі.

Қорытындылай келе, экстремизмнің алдын алу - тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттің ғана міндеті емес, ол әрбір отбасының жауапкершілігі.

Отбасыда берілген сапалы тәрбие, дұрыс құндылықтар жүйесі, сенімді қарым-қатынас - жастарды теріс жолдан сақтайтын негізгі факторлар. Сондықтан ата-ана өз баласының болашағына бейжай қарамай, оның рухани және адамгершілік дамуына ерекше көңіл бөлуі тиіс. Тек сонда ғана біз экстремизмнен ада, бейбіт әрі тұрақты қоғам құра аламыз.

СЕЗОН КЛЕЩЕЙ: КАК ЗАЩИТИТЬСЯ И ЧТО ДЕЛАТЬ ПРИ УКУСЕ!

Весной и особенно летом любой поход на природу сопряжен с рядом опасностей, подстерегающих людей в самых неожиданных местах. Одна из таких опасностей - укус клеща. Чтобы не стать его жертвой, необходимо соблюдать меры личной безопасности. Ежегодно десятки жителей Ескельдинского района подвергаются нападению клещей, в том числе и дети.

Клещи обитают в траве и на кустах. Период большой агрессивности клещей начинается с 12 часов и заканчивается в 14. Сезоном клещей, принято считать период с марта по октябрь.

Клещи появляются в природе, как только температура поднимается выше +7°С. Они могут жить, как в горячем, так и во влажном климате. Без еды эти уникальные животные живут порой до 5 лет. Врагов в природе практически не имеют, за исключением нескольких видов птиц и муравьев.

Клещевой энцефалит – это природно-очаговое инфекционное заболевание, вызываемое вирусами клещевого энцефалита, в основе которого лежит повреждение головного и спинного мозга. В природе вирус находится в организме иксодовых клещей. Кроме человека, вирус может поражать диких и домашних животных, в том числе коров и коз. Поэтому заражение может происходить как напрямую – при укусе человека клещом или случайном раздавливании насекомого при попытках его извлечь, так и при употреблении молока и молочных продуктов, не прошедших термическую обработку и полученных от больных животных.

Чем дольше клещ находится на коже человека, тем выше риск развития заболевания.

Как правило, эти насекомые цепляются за одежду и при удобном случае впадают в кожу человека в тех местах, где она наиболее тонкая: на шею, за уши, в паху и на животе.

Заболевание начинается остро, во многих случаях больной может четко указать даже час, когда его состояние резко ухудшилось. Первые симптомы напоминают проявления гриппа. К лихорадке на 3-4 день болезни может присоединиться сильная упорная не проходящая головная боль, рвота. Возможно развитие комы разной степени, смертельный исход может наступить на 2-4 сутки болезни у 20-30% больных. Возможно поражение черепно-мозговых нервов с развитием косоглазия, гнусавости голоса, затруднений глотания, речи, параличи мышц шеи, туловища и конечностей.

Профилактика клещевого энцефалита

1) Вакцинация от клещевого энцефалита определенных групп населения. Вакцинации подлежат лица, проживающие, выезжающие на работу или отдых в неблагополучные территории по КЭ.

2) Введение специфического противоклещевого иммуноглобулина лицам, подвергшимся нападению клещей. Проводится и эффективна в первые 3 дня после укуса.

Меры неспецифической профилактики:

- Использование различных препаратов, отпугивающих насекомых (репелленты)

- Ношение специальной защитной одежды. Будучи на природе необходимо брюки заправить в носки, верхняя одежда рекомендуется с длинным рукавом желательно с плотной резинкой на конце. Выбирайте одежду светлых тонов, поскольку на темной клещей трудно увидеть. Придя домой после прогулки, хорошенько потряхните свою одежду на балконе или на улице.

- Важно проведение самоосмотра во время и после посещения природы.

- Употребление в пищу кипяченого молока.

Что делать, если все таки укусил клещ?

- Ни в коем случае не расчесывать место укуса и не раздавливать самого клеща, не пытаться сразу вытащить его пинцетом или еще чем-то.

- Желательно для удаления обратиться к хирургу, но если такой возможности нет, то завязать нитку в узел как можно ближе к хоботку клеща, затем осторожно раскачивать и немного приподнимать, пока не извлечется.

- Удалять осторожно, так как внутри может остаться головка, которую потом удалить очень сложно. Также незамедлительно обратиться в лечебное учреждение в течении 72 часов после укуса клеща, за введением иммуноглобулина.

Е.Сейсембинов,
Руководитель Ескельдинского районного управления
санитарно-эпидемиологического контроля
Е.Максимова,
Ведущий специалист

БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ СЕМІЗДІК-ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ

Семіздік бүкіл әлемде басты мәселеге айналды. Бүгінде жер бетінде миллиардтан астам адам артық салмақ пен семіздікке шалдыққан. Бұл жағдайдың балалар арасында таралуы ерекше алаңдаушылық тудырады.

Қазақстанда да балалар арасында семіздік өршіп барады. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мәлімдеуі бойынша. Қазақстандық мектеп оқушыларының 20 пайызы артық салмақтан зардап шегеді. Олардың ішінде балалардың 1,1%-ы шамадан тыс семіздіктен зардап шегеді. Балалар арасында семіз беттердің көбеюі қатты алаңдатады.

Балалардағы семіздік полиетиологиялық сипатқа ие, оны іске асырудағы генетикалық және экологиялық факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің рөлі. Барлық жағдайларда балалардың семіздік негізі энергетикалық теңгерімсіздік болып табылады, яғни балалардың көпшілігінде семіздіктің дамуы физикалық белсенділіктің төмендеуімен байланысты, сонымен қатар тағамның тұтынудың артуына және энергия шығынын азайтуға байланысты.

Ата-аналар балалардағы семіздік жас кезінде қант диабеті, бауыр және өт қабы аурулары, гипертония, бедеулік және басқа да созылмалы аурулардың даму қаупін айтарлықтай арттыратынын білуі керек. Сонымен қатар, артық салмағы бар балалар жиі қорылдау және басқа да ұйқының бұзылуынан зардап шегеді, бұл да баланың денсаулығына теріс әсер етеді.

Балалар мен жасөспірімдерде артық салмақ пен семіздіктің дамуына не әкеледі?

Семіздік – көп факторлы мәселе. Дегенмен, ең алдымен, баланың тамақтануына назар аудару керек. Бүгінгі балалар шамадан тыс тамақтануға әкелетін тағамдармен қоршалған. Мысалы, шоколад батондары, чипсы, крекер. Бұл жылдам тағам. Жұмыс кестесінің тығыздығына байланысты ата-аналар үйде әрқашан пайдалы тағам дайындай алмайды. Нәтижесінде балалар өңделген тағамдар мен фастфудтарды көбірек жейді. Төмен физикалық белсенділікпен жоғары калориялы тамақтану - балада қосымша салмақтың жиналуының негізгі факторы болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдерде семіздіктің алдын алудың қол жетімді ережелері бар:

-Тамақтану режимін сақтау

Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы бала күніне 5-6 рет тамақтануы керек: таңғы ас, тұскы ас, түстен кейінгі шай, кешкі және екінші кешкі ас. Мүмкін екінші таңғы ас. Дұрыс тамақтану оқушының жалпы күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Ол балалар мен жасөспірімдердің еңбек ету, еңбек және демалыс режимімен үйлесімді үйлесуі керек.

-Тамақтанудың сапалық және сандық сәйкестігі

Бала жейтін тағамның мөлшері мен сапасы, ең алдымен, оның жасына және денсаулық жағдайына сәйкес болуы керек.

- Рационалды қозғалтқыш режимін сақтау

Баланың мектепке дейінгі мекемеде немесе мектепте ғана емес, үйде де қозғалу мүмкіндігі болуы маңызды. Нақты дене жаттығуларына емес, жалпы ұтқырлыққа назар аудару керек. Балаға физикалық жаттығулардың қандай да бір нақты жиынтығын орындаудың қажеті жоқ, жай ғана жасырынбақ ойнауға немесе қуып жетуге, арқанмен секіруге және т.б. ойындар ойнауға болады. Баланың компьютерде, теледидарда, ойын приставкаларында болуын күніне 2 сағатқа шектеу қажет.

Бұл тек жалпы ұсыныстар. Өйткені, оқушылардың тамақтану тәртібі тек оқу жүктемесінің кестесіне байланысты ғана емес, сонымен қатар өртүрлі үйірмелер мен секциялардағы сабақтарға байланысты да тамақтану уақытының өзгеруі мүмкін. Дегенмен, Сіз баланың белгілі бір уақытта тамақтану әдетін қалыптастыруға тырысуыңыз керек.

Құрметті ата-аналар! Балаларыңызды дұрыс тамақтануға және өз денсаулығына қамқорлық жасауға үйретіңіз!

Е.Сейсембинов,
«Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Қоғамның тыныштығы мен тұрақтылығы ең алдымен заң мен тәртіпке байланысты. Қазақстан үшін де бұл ұғымдар аса маңызды, себебі елдің қауіпсіздігі мен дамуы заңның сақталуына тікелей тәуелді. Заң бар жерде әділдік орнайды, ал тәртіп сақталған жерде адамдар өздерін қауіпсіз сезінеді. Заң – қоғамдағы барлық қатынастарды реттейтін құрал. Ол азаматтардың, құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Егер адам заңды құрметтеп, оны орындаса, қоғамда түсініспеушілік пен қақтығыстар азаяды. Ал тәртіп - сол заңдардың өмірде жүзеге асуы. Тәртіп болмаса, заңның да күші әлсірейді. Қазақстанда заң мен тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары жұмыс істейді. Олар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қылмыстың алдын алады. Дегенмен, қауіпсіздік тек мемлекеттік органдарға ғана емес, әрбір азаматқа байланысты. Әр адам өз іс әрекетіне жауапкершілікпен қарап, заңды бұзбауға тырысуы қажет. Қорытындылай келе, заң мен тәртіп – Қазақстанның қауіпсіздігі мен гүлденуінің басты негізі. Әр азамат заңды құрметтеп, тәртіпті сақтағанда ғана еліміз тыныш өрі дамыған мемлекет бола алады.



И.К.Идрисова
Ескелді ауданының сот әкімшісінің басшысы

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның иелігіне қызмет етуге парыздар.

Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтау білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты сезіну керек.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Дегенмен тәрбиесі мол. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналыса жүргендерін қадағаламауынан пайда болады.

Осыған байланысты жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру – жан-жақты тәрбиенің маңызды бір саласындағы жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі болып табылады.

«Ел болам десең, бесіңді түзе» деп айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасалып отырса, жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылық пен қылмыстың болмауына көп септігін тиізгер бірден бір себеп болатын еді.

Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екені ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды.

Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны, заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру - құқықтық сананың негізгі белгілері болып табылады.

Жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеп қана қою жеткіліксіз.

Ол үшін ұлттық идеологияны күшейтіп, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дархан пейілін, ұлтжандығын қайсарлығын насихаттап көрсете білуіміз керек.

Сонда ғана жоғарыда айтылғандар жүзеге асып, өз Отанын сүйетін, абыройын асқақтата алатын шын мәніндегі жанашыр жалаң жастарды тәрбиелеуге мүмкіндік туады.

Өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарын пайдалана біліп, қатыгездіксіз өмірлерінің сақталуы жолында аянбай еңбек ету – біздің басты парыз.

Сондықтан да, жаһандану үрдісі басып болып, батыстық өркениетке еніп келе жатқан қазіргі кезеңге жас жеткіншектерді жаңа заман талабына сай озық ұлттық дәстүр рухы негізінде тәрбиелеп, игі нәтижелерге жету жолында аянбай еңбек етейік.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері осы жылдар ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады.Сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдесем бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет.Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз.Қазақстан халқы өз алдына ел болып, еңсесі биік жоғарғы мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ОЖИРЕНИЕ У ДЕТЕЙ – СОЦИАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМА

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов (22 наурыз 1902 жыл — 31 желтоқсан 1985 жыл) — қазақтың халық жазушысы, драматург, сыныш, мемлекет және қоғам қайраткері.

Қазақ КСР ҒА академигі (1958), Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақстан халық жазушысы.

Қазақстан жазушылары Одағының төрағасы (1961), КСРО Жазушылар Одағының хатшысы, КСРО Жоғары Кеңесінің 5-шақырылымының және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаты.

Өмірбаяны
Ғабит Мүсірепов бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаңақол ауылында дүниеге келген. Орта жүздің керей тайпасының Сибаб руынан шыққан[2].

Алғашқыда ауыл молдасынан арабша хат танып, жастайынан әуелі екі жылдық ауылдық орыс мектебін, кейін төрт жылдық жоғары басқаш орыс мектебін бітіреді.

Орыс мектебінде жүргенде орыстың атақты ақын жазушыларының шығармаларын оқып білуі, ауыл мектебінде өзін оқытқан әдебиетші мұғалім Бекет Өтетілеуовтың әсер-ықпалы болашақ жазушының әдебиетке ерекше ықылас аударуына септігін тигізеді.

Орынбордағы рабфакта оқып жүргенде ол әдеби білімін, эстетикалық сезімін одан сайын жетілдіре түседі. Осында өткізген 1923 – 1926 жылдары Орынбордағы жұмысшы факультетінде Сәбит Мұқановпен бірге оқыды және Сәкен Сейфуллинмен танысты.

1927 жылы Омбы ауылшаруашылығы интернатын бітірді;

1927 – 1928 жылы Бурабай орман шарушылық техникумында оқытушы қызметінде;

1928 – 1932 жылдары Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы қызметінде;

1933 жылы - Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты өнер секторының меңгерушісі қызметінде;

1934 жылдан “Қазақ әдебиеті” және “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) (1935) газеттерінде бас редактор қызметінде;

1936 жылы - Қазақ Өлкелік комитетінде баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінде;

1937 жылдан Қазақстан Компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметінде;

1938 –1955 жылдары бірыңғай шығармашылық жұмыстармен айналысқан; 1956 – 1957 жылы “Ара – Шмель” журналының бас редакторы;

1956 – 1961 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы; 1958 жылдан КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура салалары бойынша Лениндік және Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комитеттің мүшесі;

1964 – 1966 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы болып;

1959–1985 жылдары КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы қызметтерін атқарған.

Шығармашылығы

Алғаш 1925 жылы «Едіге» әңгімесі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды. Мүсіреповтің тұңғыш повестерінің қатарына 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген “Тулаған толқынды” мен “Американ бидайы” атты шығармалары жатады. Жас жазушының болашағынан үміт күттірген бұл туындылар азаматтық тақырыпты толғайды. “Тулаған толқынды” повесі сюжеттік құрылысының босандығына қарамастан, жас қаламгердің пейзаждық, юморлық, диалог жасағыштық шеберліктерін байқатып, суреткерлік қырын танытқан шығармасы болды.[3]

М. әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қосты. Алғашқы шығармаларынан-ақ жазушылық шеберлігімен танылды. “Қос шалқар” (1928), “Көк үйдегі көршілер” (1929), “Өмір ертегісі” (1930), “Алғашқы адымдар” (1932), “Шұғыла” (1934), “Үздіксіз өсу” (1934), “Жайлау жолында” (1936), “Тұтқын қыз” (1938), “Жеңілген Есрафил” (1939), тағы басқа әңгіме, повестерінде еңбек адамдарының қиындыққа толы қажырлы өмірі мен азамат соғысы, ұжымдастыру кезіндегі дүрбелең оқиғалар легі суреттеледі.

Мүсірепов өр кезеңде жазылған ана тақырыбындағы туындыларында қазақ әйелінің жынтық бейнесін жасады. Келтеген әңгіме, новеллаларында Әйел — Ананың бейнесін асқақтатып, әлем әдебиетіндегі Әйел — Ана тұлғаларының галереясын байыта түсті. Ол “Ананың анасы” (1933), “Әлімді жеңген ана” (1933), “Ашынған ана”, “Ананың арашасы” (1934), “Ер ана” (1942), “Ақлима” (1944), “Әмина”, “Ана жыры”, “Ана” шығармалары арқылы сөз өнеріне жаңа көркемдік өрнек әкелді. Ана жайында жазылған алғашқы әңгімелері М. Горький сарынында алынғанымен, ана бейнесі қазақы қасиеттермен көркем өрнектелген. Мүсірепов қаламынан туған Қапия, Ақлима секілді ана образдары арқылы қазақ өмірінің шынайы көріністері сипатталады.

Мүсіреповтің алғашқы романы — “Қазақ солдаты”. 1945 жылы “Қазақ батыры” деген атпен жарық көрген повесін жазушы өңдеп, толықтырып, 1950 жылы қайта жариялады. Бұл шығарма бүкіл қазақ әдебиетінің

проза саласында II дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды және қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбында жазылған таңдаулы шығармалардың санатынан лайықты орнын алған аса елеулі еңбек болды. Романның басты кейіпкері — Қайрош Сарталиевтің прототипі Қайырғали Смағұлов 1941—45 жылдардағы соғысқа бастан-аяқ қатысып, Кеңес Одағының батыры атағына ие болған адам. Соғыс кезіндегі халықтың басқыншыларға қарсы патриоттық сезімі мен күресін шынайы бейнелеген романда жазушы өзіндік шығармашылық өрнекпен отты жылдардың көркем шежіресін жасады. Нақтылы кейіпкерлердің жинақталған бейнесі арқылы бүкіл халықтың, елдің ерлік бітімін көрсетті.

“Оянған өлке” (1953) тарихи романында қазақ халқының 19 ғасырдағы өмірі үлкен суреткерлікпен өрнектелген, қазақ жеріне өндіріс орындарының орнай бастауы шынайы сипатталған. Шығармада жазушы ескілікті әдет-ғұрыптарды сынап, кейбір кертарпта дәстүрлердің қазақ даласында азия бастағандығын көрсетті. Қазақ топырағындағы Қарағанды шахтасы мен Ақбұйрат мыс қорыту зауытының құрылуы мен жаңа өмірге ұмтылған адамдар тағдыры, характер шиеленістері, түрлі қақтығыстар – барлығы романда көрініс тапты. Үш томға лайықталған еңбектің алғашқы кітабы Жұман мен Игілік секілді қазақ байларының, орыс байлары мен жұмысшы тобының тартысты қатынастарын жан-жақты көрсету арқылы қазақ даласының бүкіл бір дәуірін суреттейді. Көркем филос. толғауы басым роман қазақ прозасының шоқтығы биік туындысы ретінде танылды.

“Оянған өлкенің” заңды жалғасы болып табылатын “Жат қолында” (1984) романы 30 жылдан соң жарық көрді. Бұл кітапты өз алдына дербес шығарма деуге де болады. Өйткені романда суреттелген өмір кезеңі де жаңа, кейіпкерлері де соны. Роман өндіріс ошақтарын ағылшындар мен француздардың билеп-төстеуі мен сол тұстағы (19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басы) халық тұрмысын тарихи тұрғыдан терең бейнелеуімен, Орталық Қазақстан өңіріндегі әлеум. өмірдің шындығын кең ауқымда байыпты түрде суреттеуімен құнды. Жазушы бейнелеп отырған дүбірлі оқиғаларға толы тарихи мезгіл сол тұста өмір сүрген жекелеген адамдардың сомдалған тұлғалары, сан алуан әрекеттері, тағдырлары арқылы оқырманның көңіл айнасынан өтіп, көз алдына елестеп отырады.

Көлемді романдармен қатар Мүсірепов прозада шағын жанрды да дамыта түсті. “Автобиографиялық әңгіме” (1956), “Этнографиялық әңгіме” (1956), “Сөз жоқ, соның іздері” (1962), “Өмір жорығы” (1963), “Айгүл қойшының бір күні” (1964), “Ай-жан қойшының түнделі”, “Бірінші фонтан”, “Қыран жыры” (1967), “Жапон балладасы” (1967), тағы басқа шығармаларында сан түрлі мәселелерді көтеріп, әрқилы образдарды жасады. “Арқаның, Көздің, Тастың әңгімелері” арқылы, ондағы көркем бейнелер негізінде адамзатқа шексіз қайғы-қасірет әкелуші адамдарды әшкереледі.

Оның “Кездеспей кеткен бір бейне” повесі (1966, КР Мемл. сыйл., 1970) — классикалық шығарма. Повесть Мүсіреповтің шынайы сөз зергері ретіндегі қаламгерлік қарымын, талант қуатын танытты. Қара сөзбен жазылған поэма іспетті бұл шығармада азаматтық ерлік пен ақындық асыл өнер, адамгершілік биіктік пен махаббат терең лиризммен әсем өрнектелген.

Адам бейнесін, мінез-құлқын, іс-әрекетін әдемі штрих-детальдармен беруде жазушы ірі көркемдік табысқа жеткен. Бас кейіпкер Еркебұланның жігерлі тұлғасы, оның рухани әлемінің алуан сырлары көркемдік бояумен әсем өрнектелген. Оның прототипі ретінде ақын Сәкен Сейфуллин алынған. Терең лиризммен, сан түрлі сезім толқындарымен тебірене жырланған Еркебұлан бейнесі қазақ әдебиетіндегі ұнамды образдар қатарын байытып, сөз өнерінде үлкен жетістік саналды.

Қаламгердің көп ізденіс, үлкен дайындықпен келген образы — Ұлпан бейнесі (“Ұлпан” романы, 1974), ол — қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, оқшау тұрған әдеби образ. Өзінің бар ерекшелігімен, көркемдік бітіммен, эстетикалық әсер-күшінің молдығымен көрінетін Ұлпан бейнесін жасауға жазушы өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны байқалады.

Ол күнделігінде: “Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі, есейген кезі, мінезі, мейірімі, тағысын тағы.” деп жазды. Шығармадағы Ұлпан мен Есеней ойдан шығарылған образдар емес, тарихта болған адамдар. Сонымен қатар туынды арқауына алынған 19 ғасырдың 2-жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-тарихи өмірі тарихи жан-жақты зерделеніп, іріктелген оқиға, мәліметтер.

Мүсіреповтің драматургия саласына сіңірген еңбегі де орасан зор. Оның “Қыз Жібек” (1934), “Қозы Көрпеш — Баян Сұлу” (1939), “Ақан Сері — Ақтоқты” (1941) пьесалары лиро-эпостық жырлар негізінде туындаған. Фольклорлық шығармалардың идеялық, тақырыптық желісін сақтай отырып, ол тың өрнекті дүниелер жасады.

Жазушы пьесалары қазақ театры репертуарынан тұрақты орын алды. “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” ұйғыр, корей театрларының сахналарында, Украинадағы Винницкий театрында және Мәскеу қаласындағы театрларда, Франциядағы Нанси қаласы театрында (1984) қойылды. Бұл спектакль Париж қаласында өткен театр фестивалінде 1-орын алды (1981).

Мүсірепов сондай-ақ “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” сияқты опера либреттоларының да авторы. Ол тарихи тұлғалар өмірін “Амангелді” (1939), “Ақан сері — Ақтоқты” (1942), “Болашаққа аманат”, “Қыпшақ қызы Аппак”, “Қайран Майра” атты драмалық шығармалар жазды. Мүсірепов драматургиясы шиеленіскен әлеуметтік тартысқа құрылған, қимыл-әрекеттері ырық, диалогтары дөлім-дәл, монологтары ақындық пафоспен рухтанған серпінді, тілі құнарлы да бейнелі: осы қасиеттер кейіпкерлер характерлерін терең ашуда қолайлы қызмет атқарған. Сценарийін Б. Майлин, В. Ивановпен бірігіп жазған “Амангелді” фильмі (1938) қазақ кино өнерінің алғашқы баспалдағы саналса, “Махаббат туралы дастан”, “Қыз Жібек” (1970) фильмдері қазақ кино өнерінің алтын қорынан орын алған туындылар. Мүсірепов – қазақ әдебиетінде очерк, публицистика жанрларын дамытуға да үлкен үлес қосты. Оның “Уақыт іздері” (1977) атты еңбегі идеялық сондылығымен ерекшеленді. Жазушы очерктерінің басым көпшілігі мазмұн тереңдігімен, шынайы көркемдігімен өзі өмір сүрген заманның талабына толық үндес келіп отырды. Мүсірепов 1970 жылдан күнделік жазуды әдетке айналдырған. Оның архивінде (мұражайындағы) жазушының 300-ден астам қойын кітапшалары сақталған. 1997 ж. Мүсіреповтің “Күнделік” атты кітабы жарық көрді (құрастырған Ө. Нарымбетов).

Жазушы қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының дамуына зор үлес қосты. Оның әдебиет мәселелері жайында жазған еңбектері 20 ғасырдың 20-жылдарынан бастап өмірінің соңғы кезеңіне дейін мерзімді баспасөз бетінде қазақ, орыс тілдерінде үздіксіз жарияланып тұрды. Әдеби-сын мақалалары “Суреткер парызы” (1970), “Заман және әдебиет” (1982), “Дәуір дидагы” (1986), “Әдебиет – кәсіп емес, өнер” (1987) атты кітаптарында жинақталып, жарық көрді. Мұнда ол әдебиет пен өнердің 20 ғасырдағы даму кезеңіне, сондай-ақ олардың жекелеген елеулі құбылыстарына биік позиция тұрғысынан қарап, ғылыми топшылаулар жасады. Әдебиет тарихына талдау жасап, сөз өнерінің әрбір табысын халықтың рухани қазынасына қосылған құнды дүние ретінде бағалады. Жоғары көркемдік идея мен шығармашылық шеберлікті әдебиет пен өнердің әрбір туындысын талдау үстінде берік, айнымас өлшем ретінде ұстанып, әдеби шығарманың халықтық асыл мұра болып қалуы үшін белсенді түрде үздіксіз күресті.

Көркем аудармада О. Генри, С. Тагарао, М. Горький, М. Шолохов, В. Василевская, И. Эренбург, У. Шекспир, А. Островский, Ж. Мольер, Я. Галан, К. Симонов, А. Леонов, А. Сафронов, А. Штейн, тағы басқа қаламгерлер пьесаларын қазақ тіліне аударды. Мүсірепов белгілі ғалым Г. Ломидзе атап көрсеткендей: “Ол көркем дөлдiкпен әрі үйлесiмдiлiкпен жұмыс iстейтiн өте нәзiк, өрнектi шебер. Мүсiрепов қаламынан жанды бейне, тiрi пiшiн сомдалып, ол суреттеген адам мiнез-құлқы мен құбылыстарға кең тыныс, ауқымдылық тән” суреткер болды.

Қоғам және мемлекет қайраткері Мүсірепов – көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері. 1932 жылдың 4 шілдесінде ол республикаға танымал адамдармен бірлесі отырып, халықтың басына төнген аштық наубәт жайында БКП(б) қазақ өлкелік комитетіне “Есеудің хатын” жолдады. Хаттың мазмұны мен көтерген келегі мәселесі Мүсіреповтің қай кезеңде де болмасын халқының қамы үшін күресіп, қоғам алдындағы парызын адал орындаған азамат болғандығын айғақтай түседі.

1990 жылы Мүсірепов атындағы республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында “Есеудің хаты” спектаклін қойды, пьеса авторы – Ш.Мұртаза, қоюшы-режисер Р. Сейтметов). Мүсіреповтің қоғам қайраткері ретіндегі, қарапайым адам қатарындағы адамгершілік ұстанымдарын айғақтайтын іс-қимылдары жетерлік. Соның бірі 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағындағы жиналыста тағдыры талқыға түсіп, ұсталып бара жатқан Б.Майлинге араша түсіп, “Бейлібет жау болса, мен де жаумын” деген сөзі бүгінгі күні аңызға айналған. Осының салдарынан ол 1938 жылы партия қатарынан шығарылды. Ол сондай-ақ Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент, Бейрут, Дели, Алматы конференцияларының белсенді ұйымдастырушыларының бірі болды.

Жазушы бейбітшілік күрескері ретінде Алматы мен Мәскеуде ғана емес, Париж, Рим, Джакарта, Токио, Каир, тағы басқа қалаларда өткен халықаралық конференцияларда сөз сөйлеп, күрделі мәселелерді көтерді. Ол 5-сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің, бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған.

Бесінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің және 6, 7, 8, 9, 10, 11-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1974 – 75 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Ожирение стало серьезной проблемой во всём мире. Сегодня свыше миллиарда жителей Земли страдают от избыточного веса и ожирения. Особое беспокойство вызывает распространение этого состояния среди детей.

20% Казахатанских школьников страдают от избыточного веса. Среди них 1,1% детей страдают именно чрезмерным ожирением. Серьезную озабоченность вызывает факт увеличения тучных лиц среди детей.

Ожирение у детей носит полиетиологический характер, роль сложного взаимодействия генетических и экологических факторов в его реализации. Во всех случаях основой детского ожирения является энергетический дисбаланс, то есть развитие ожирения у большинства детей связано со снижением физической активности, а также с увеличением потребления пищи и снижением энергозатрат. Проблема ожирения в детском возрасте значима еще и потому, что это заболевание часто сопровождается осложнениями обменного и эндокринного характера. Родителям следует знать, что ожирение у детей значительно повышает риск развития в молодом возрасте сахарного диабета, заболеваний печени и желчного пузыря, гипертонии, бесплодия и других хронических заболеваний. Кроме того, часто дети с избыточным весом страдают храпом и другими нарушениями сна, что тоже негативно сказывается на состоянии здоровья ребенка.

Что же приводит к развитию избыточной массы тела и ожирения у детей и подростков?

Ожирение - проблема многофакторная. Однако, прежде всего, необходимо обратить внимание на питание ребенка. Современные дети окружены продуктами, употребление которых приводит к перееданию. Это еда для быстрого перекуса. Например, шоколадные батончики, чипсы, сухарики. В силу своей занятости родители не всегда могут дома готовить здоровую еду. В результате дети едят больше полуфабрикатов и фаст-фудов. Высококалорийное питание при низкой двигательной активности – главные факторы накопления лишних килограммов у ребенка.

Существуют доступные правила профилактики ожирения у детей и подростков:

-Соблюдение режима питания
Ребенок дошкольного и школьного возраста должен есть 5-6 раз в день: это завтрак, обед, полдник, ужин и второй ужин. Может быть и второй завтрак. Правильный режим питания является составной частью общего распорядка дня школьника. Он должен гармонично сочетаться с режимом занятий, труда и отдыха детей и подростков.

- Качественная и количественная адекватность питания
Количество и качество съедаемого ребенком пищи должны, прежде всего, соответствовать его возрасту и состоянию здоровья.

-Соблюдение рационального двигательного режима
Важно, чтобы ребенок имел возможность двигаться не только в дошкольном учреждении или в школе, но и дома. Необходимо делать акцент на подвижности в целом, а не на конкретных физических упражнениях. Ребенок не обязательно должен выполнять какой-либо определенный комплекс физических упражнений, можно просто играть в прятки или догонялки, прыгать со скакалкой и прочее. Следует ограничивать время пребывания ребенка за компьютером, телевизором, игровыми приставками до 2-х часов в день.

Это лишь общие рекомендаций. Ведь режим питания школьника зависит не только от учебной нагрузки, но и от занятий в различных кружках и секциях, в зависимости от расписания которых время приема пищи может меняться.

И все же нужно стремиться к тому, чтобы у ребенка выработалась привычка есть в определенное время.

Уважаемые родители! Приучайте своих детей к правильному питанию и заботе о собственном здоровье!

Е.Сейсембинов,
Руководитель Ескельдского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ЗАМАНАУИ БІЛІМНІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі оқушы тек білім алып қана қоймай, оны өмірде тиімді қолдана алуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылық – заманауи білім берудің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның алған білімін күнделікті өмірде пайдалана білу қабілеті. Яғни оқушы тек теорияны меңгеріп қоймай, оны түрлі әлеуметтік жағдайларда қолдана алуы қажет. Мұндай дағдылар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өмірлік мәселелерді шешуге үйретеді.

Мектепте, әсіресе 8-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Бұл жаста оқушылардың талдау, салыстыру, өз пікірін білдіру қабілеттері қарқынды дамиды. Сондықтан сабақ барысында мәтінмен жұмыс, пікірталас, топтық тапсырмалар, өмірлік жағдаяттарға негізделген жаттығулар ұйымдастыру тиімді нәтиже береді.

Мұғалімнің рөлі де бұл үдерісте ерекше. Мұғалім оқушыға тек білім беруші ғана емес, оның ойлауын дамытатын бағыттаушы болуы тиіс. Сабақта шығармашылық тапсырмалар, коммуникативтік жаттығулар, сыни ойлауды дамытатын әдістер қолданылғанда оқушылардың белсенділігі артып, білімді терең меңгеруіне мүмкіндік туады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мәтінді талдау, диалог құрастыру, эссе жазу, әлеуметтік мәселелер бойынша пікір білдіру сияқты тапсырмалар тиімді. Мұндай жұмыстар оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізуіне көмектеседі.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық – оқушының өмірде табысты болуының маңызды шарты. Сондықтан білім беру үдерісінде оқушылардың білімін өмірмен байланыстырып, олардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді кеңінен қолдану – бүгінгі мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Азим Бакытгул,
Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Теректі ауылы «Мичурин атындағы негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын-орталығымен» КММ

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

КИІЗ ҮЙ – ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Киіз үй – «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» деп, аталы сөз айтып қалдырған ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы. Киіз үй – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі, тіпті оған көршілес елдердің де тұрақ-мекені. Солай бола тұрса да, оны қастерлеп ұстап, ғасырдан-ғасырға оның мән-маңызын өзгертпей жеткізген біздің қазақ халқы екенін әрдайым мақтанышпен айтамыз. Шығу тарихы біздің заманымызға дейінгі ғасырларда пайда болған киіз үйді біздің халық қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй қазақтың тұрағы, құтты мекен-жайы, еншісі, баспанасы, мүлкі, мақтанышы деп бағаланды. Әрине, киіз үйді әркім біледі, бағалайды. Шынында да, арғы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйіміздің атқарған қызметі мен рөлі өте зор екеніне көз жеткіземіз. Оған қарап отырсақ, бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыздың ақыл-ойы, тұрмыс-салты, талғамы еш халықтан кем емес екен.

Ғұламалар айтып кеткендей, осы киіз үйден қазақ халқының аспан әлеміне, есептеу жүйесіне, экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы – жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады. Ал XII-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда деп аталының өзі осы киіз үйге байланысты екенін Ш.Уәлиханов айтқан. Тағы бір ерекше айта кетерлік жай: біздің киіз үйіміз тек баспана ғана емес, ол сәулет, құрылыс, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын ғажайып туынды десек те болады. Басқа елдердегідей емес, бұл ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады, әрі көшпелі (жылжымалы) құрылыс түріне жатады. Дала тұрғындарының тапқырлық шешімін осы тұрғыдан қарап бағалаған әлем ғылымы, мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары дүниежүзілік, халықаралық этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары баға беріп отырған. Мысалы, 1861 жылы Алмас деген кісі Париждегі Дүниежүзілік этнографиялық көрмеге киіз үй апарып, еуропалықтарды таңқалдырып, бәйге алған. 1876 жылы Мейрам қажы Жанайдарұлы Петербургке, 1890 жылы Ибраһим Әділов Қазандағы көрмеге киіз үй апарып, қазақ мәдениетін Еуропаға паш еткен.

1827 жылы Бөкей ордасының ханы Жәңгір Ресей патшасы І Николайға киіз үй сыйлап, патша ағзам оған өте риза болған (Ә.Марғұлан). Жазушы Шыңғыс Айтматов Батыс Еуропадағы белгілі мұражайлардың бірінен қазақтың киіз үйін көргендігін жазды. Сондай-ақ қазір Германияның Гамбург, Майндағы Франкфурт қалаларындағы мұражайларда қазақтың киіз үйлері бар. Киіз үйдің түрлері мен құрылысы Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын екі түрі бар. Қазақы үйлер дөңгелек, толық күмбезді болады ды, қалмақы түрінің төбесі шошақтау келеді. Қазақы үйлер бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы, қара үй (шү қанат), қоңыр үй (4 қанат), боз үй (5 қанат), ақ үй (6 қанат), ақ ала орда (8 қанат), ақ орда (12 қанат), ақ шаңқат (18 қанат), алтын үзік (24 қанат), алтын орда (30 қанат) деп аталатын түрлері бар. Сол сияқты көшіп-қонуға, уақытша паналауға немесе шаруашылық жұмыс ретінде бейімделген үй түрлері болады. Олар қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолым үй, ас үй, қалқа деп аталады. Жаңа үй болған жас шаңырақты «отау» дейді. Киіз үйдің іші 4 бөлмеге бөлінеді: Төр. Үй ішіндегі ең құрметті орын, мұнда жүк жиналады, қонақтар отырады. Бұл – киіз үйдің

жоғарғы әрі сыйлы орны. Жас келіндер төрге шықпайды. Сол жақ (кіргенде оң жақ) – үй иесінің отыратын және жататын орны. Босаға жақта азық-түлік, ыдыс-аяқтар тұрады. Оны шимен жауып қояды. Оң жақта (кіргенде сол жақ) – балалар орналасады. Босаға жақта арқан ер-тұрмандар, киімдер ілінеді. От орны қасиетті орын болып саналады. Мұнда от жағылады, қазан асылады. Киіз үй негізгі 3 бөліктен құралады: Үйдің сүйектері (ағаштан тұратын бөліктері). Киіздері (ши де осыған кіреді) Бау-шулары (баулары мен басқұр, арқандары) Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тізуге де болады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жауында су өтпейді. Кейде қыстан киіз үймен шығатын қазақтар туырлықты екі қабат етіп жабады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалылап, қоралайды. Көбінесе қопалы, қамысты жерді паналайтындықтан, жел де көп болмайды. Міне, осындай үйде ел даңқын асырып, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен батырларымыз туып-өскендігін мақтанышпен айтуға болады. Әрісі Керей, Әз Жәнібек, Тәуке хан, хан Абылай, Кенесары, ұлы Абай; ғұламалар Ахмет Байтұрсынов, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезовтердің кіндігі осы киіз үй ішінде кесілген. Әрқашан қоныс аударғанда таза жерге тігілген үйдің саф ауасы аспан, жер, сумен астасып, қасиетті қара шаңырақтың киесі, мүмкін, осындай ұлылардың көкірегіне нұрлы сәулесін құйған болар. Қазақ өмірі мен мәдениетінің, әлеуметтік жаһынның бір түйіні киіз үй мен төрт түлікке байланысып жатады. Сәлемі, киімі, ыдысы, салт-дәстүрі де осыған келіп саяды. Сондықтан да олар бұған лайық қанатты сөздер, ырымдар, әдеттер, тыйымдар, аңыздар да шығарған. Киіз үй берік ағаштан (қайыңнан, талдан) жасалады. Оларға құрт түспейді, басқа ағаштар сияқты тез шірімейді. Талдың керегеге қажетті жуан, жіңішкесін таңдап алуға да болады. Үйдің сүйегін үйшілер жасайды, оны «үй басу» дейді. Қажетті ағаштар 6 ай, кейде бір жылдай көлеңкеде кептіріледі. Мезгілі жеткен кезде үйшілер бұл ағаштарды қажетінше жонып, морға, қозға (ыстық қоламтаға) салып балқытып, тезге салып түзетіп алады.

Олар үй сүйегіне лайықталған ағаштарды жонып, түзетіп шауып, қырпап болғаннан кейін, оны тағы да морға салып, кереге, уыққа, күлдіреуішке лайықтап ырғаққа (қалыпқа) салып, белгілі бір үлгі, жобаға келтіреді де, оны құрастыра бастайды. Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Кереген кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кендігі осы керегеге байланысты.

Кереге құрайтын ағаштарды желі, оның ұзынын ерісі, қысқаларын сағанақ, балашық деп атайды. Желілердің басы мен аяғына өдемілік үшін ойып, сызықтар (ыру) жүргізеді. Желілерді тесіп, түйенің мойын терісі немесе өзгінді бас терісінің сірісі (қайыстары) арқылы көктейді. Керегенің басы мен аяқ жағы сәл шалқайтыла, ал ортасы дөңестеу жасалады. Дайын керегені қанат деп атайды, яғни 18 қанат үйде 18 кереге болады. Кереге көзінің үлкен-кішісіне қарап тор көз, жел көз деп бөледі.

Тор көзді керегі өдемі әрі берік болады. Киіз үйде есік екеу болады: ішкі есік – сықырлауық – ағаштан жасалады, екіншісі – киіз есік – киізден жасалады, ол сықырлауықтың сыртынан жабылады. Киіз есік ашық күндері маңдайшаға дейін шыыршықталып жиналып қойылады, жай күндері күн түспес үшін, оның бір жағы бақан арқылы ашықтұрады. Ағаш есікмаңдайша, екі босаға, табалдырық және екі

жарма есіктен құралып, керегеге бекітіледі. Керегелер бір-біріне таңғыш құр арқылы жалғасады. Кереге бастары арқылы тартылатын бас арқан маңдайшаның екі жағына мықтап байланады. Үйдің барлық ауырлығын ұстайтын, беріктігін сақтайтын бас арқан. Сәндік үшін бас арқан тұсынан және кереге басы туырлықты қажамас үшін басқұр жүргізіледі. Уық – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. Уық алақан, иіні, қары және қаламы деген атаулардан тұрады. Ол иінінен ішке иіле жасалады, яғни үйдің күмбезді үлгісі осы уықтан басталады. Уық алақандағы уықбау арқылы кереге басына байланып, қаламы шаңырақтам қаламдығына сұғылады. Қалам мен қаламдық төртбұрышты қырланып, ойылады. Мұндай уық берік болады, әрі ауып, қисайып кетпейді. Қанат санына қарай уықтың саны да, ұзындығы да өсе береді. Әр үйде көлеміне қарай 60-160-тай уық болады. Шаңырақ – киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар. Киіз үй шаңырағы тоғын, күлдіреуіш, кепілдік деген бөліктерден тұрады. Тоғынды, яғни шеңберді, қайыңнан оюлап, өрнектеп жасайды, жиілеп қаламдық ояды. Күлдіреуіш шаңырақ күмбезін жасайды. Кепілдік күлдіреуіштің орнынан қозғалып кетпеуі үшін қызмет етеді. Үйші үй сүйегін толық жасап болғаннан кейін, оны қызыл түсті жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды. Егер үй қайыңнан жасалса, оны өсімдік майымен майлайды. Ол ағашқа піл сүйегі түстес оң береді, әрі оған су сіңбейді. Салтанатты ордалардың шаңырағын, уығын, кереге басын, маңдайшасын оюлайды, өрнектейді. Ауқаттылар күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейлейді. Үй сүйегі әзір болған соң, оның киіздері жасалады. Киіздері кереге бойына туырлық, шаңыраққа дейін үзік, шаңырақты жабатыны түндік және киіз есік деп аталады. Олар қойдың ақ күзем жүнінен басылады. Ертеректе қазақта қой көп, сондықтан киіз үйге қажетті материал жеткілікті болған. Міне, осы жүннен үй киіздері дайындалады. Қазақ даласында жүннің көптігі сондай, 25 мың қойы бар қызылжарлық Қосшығұл деген бай қойдың жабағысымен құрт қайнатады екен. (С.Мұқанов. «Халық мұрасы». 99-бет. 1974 ж.) Оның әзірлеу, дайындау, пішу жолдары ұзақ бір ғылыми этнографиялық шығармаға лайық.

Киіздер құр, баулар, арқылы тұтылады. Олар туырлық-бау, түндікбау, үзікбау, желбау деп аталады. Туырлық пен үзіктердің өзара айқасатын жерін жабық дейді. Туырлық пен үзікбаулары кестелі, оюлы жалпақ құрдан жасалып, үйге көрік беріп тұрады. Киіз сыртынан жел көтермес үшін екі белдеу арқан тартылады. Үйге қолданылатын арқан түрлері де көп. Шаңырақта желбау деп аталатын ою-өрнекті, 4 шашақты бау болады. Ол желді күні шаңырақты бастыруға, көшкенде байлауға аса қажет. Жай күндері үйге өсемдік, көрік беріп тұрады. Үй киіздерін әзірлеп болғаннан кейін, оны ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды. Бұл өдемі ақ түс береді, әрі киіздердің берік болуына, су, ыстық, суық ауа өтпеуіне едәуір әсер етеді. Киіз үйдің бір бөлшегі – көдіміз ши. Оны жүннен орап, кілем, текемет түсіндей оюлармен безендіріп тоқиды. Оны «шым ши» дейді, ораусыз шиды «ақ ши» дейді. Ши кереге мен туырлықтың екі ортасына келеді.

Оның әсемдікке әрі жылылыққа әсері мол. Сондай-ақ ши тұрғанда сыртан құрт-құмырсқа, кесіртке, жылан, тағы басқа жәндіктер кіре алмайды. Асхат Мейірбекұлы

ЕРКІН КҮРЕСТЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ



2026 жылдың 14-18 наурыз күндері аралығында Тараз қаласында еркін күрестен кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 22 командада 250 спортшы қатысты. "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 4 спортшысы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Оразаев Мәулен 3 медаль иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ: БАЙФАБАТОВ РАХАТ.

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы, "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы

ДЗЮДО КҮРЕСІНЕН АШЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

2026 жылдың 15 наурыз күні Алматы облысы, Қаскелен қаласында дзюдо күресінен 2014-2015, 2016-2017 ж.т. жасөспірімдер арасында Жеңіс спорт клубының ашық Республикалық турнирі өтті.



Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 14 командада 300 ден аса спортшы қатысты. "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5 спортшысы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Ануар Абду Нәби 1 медаль, Байораз Ерсұлтан 3 медаль иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ: ӘДІЛБАЙ ӘЛІШЕР

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы, "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы

ҚАЗАҚ КҮРЕСТЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР



2026 жылдың 12-16 наурыз күндері аралығында Астана қаласында қазақ күрестен жасөспірімдер арасында Бала Мұқан лигасының Республикалық турнирі өтті. Аталған жарысқа облысымыздың аудандары мен қалаларынан 12 командада 400 ден аса спортшы қатысты. "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5 спортшысы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Әбікен Әли 1 медаль иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ: ҚҰЛЖАБАЙ РИНАТ.

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы, "Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ «БЖЗҚ» АҚ 13,6 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ

БЖЗҚ-ның негізгі міндеті – азаматтардың зейнетақы жинақтарын жинақтау және болашақта олардың төлемдерін қамтамасыз ету. Қор ұсынатын қызметтер азаматтарға лайықты зейнетақы үшін қажетті соманы жинақтап қана қоймай, олардың болашағын қаржылық жоспарлауға белсенді қатысуға көмектеседі. БЖЗҚ өз қызметінде отандастарымызға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделе отырып дамытуды жалғастыруда. Қордың сайт-та және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі салымшылардың қызығушылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

01.01.2026 ж. мен 28.02.2026 ж. аралығында Қор халыққа 13,6 млн қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 5,0 млн-ы электрондық форматта, 7,8 млн-ы – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 98,9%-ын құрады. Салымшыларға 144,8 мың қызмет жүзбе-жүз көрсетілді, оның ішінде 140,0 мың қызмет тікелей Қор кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, “Ұлттық қор – балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Есепті кезеңде жеке зейнетақы жарналарының (МЗЖ) барлық түрлері бойынша автоматты режимде ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ), сондай-ақ жұмыс беруші өз қаражаты есебінен аударған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есепке алу үшін шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) және нысаналы жинақтаушы шоттардың (“Ұлттық қор-балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есепке алу және төлеу үшін НЖШ) жалпы саны 533 898 бірлікті құрады. Атап айтқанда, жалпы саннан 31 522 – МЗЖ бойынша, 9 749 – МКЗЖ бойынша, 130 133 – ЖМЗЖ бойынша, 5 881 – ЕЗЖ бойынша. 356 613 НЖШ “Ұлттық қор-балалар” бағдарламасының қатысушыларына ашылды.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан, сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан үзінді көшірме алу бұрынғысына ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері барлық шот түрлері бойынша 5,4 млн үзінді көшірме берілді. Оның 4,6 млн-ы – электрондық, ал 737,4 мың үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты “БЖЗҚ” АҚ атына тиісті сұранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталды.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы шартты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналары төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді. Мәселен, өткен ай ішінде салымшылардан жинағының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыларға аудару туралы 17,2 мың өтініш қабылданып, оның көп бөлігі электрондық нұсқада иесі асырылған.

2026 жылдың ақпан айында деректемелерді өзгертуге 20,1 мың өтініш қабылданды. Оның 18,6 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды.

БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызмет түрі бойынша жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыруға қатысты қосымша кеңестер ала алады. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 10,1 мың көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 212,0 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 7,8 мың материал жарияланды.

Салымшылар мен алушылардың кері байланыс (Call-орталық, веб-сайт арқылы кеңес, мессенджерлер, әлеуметтік желілер және басқа байланыс түрлері) арналары бойынша түскен өтініштерінің саны – 81,5 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін Қор сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

ВЫПЛАТЫ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО ГРАФИКУ: КОГДА И КУДА НЕОБХОДИМО ОБРАЩАТЬСЯ?

Ежемесячные пенсионные выплаты по установленному графику из ЕНПФ в соответствии с Социальным кодексом Республики Казахстан осуществляются лицам, достигшим пенсионного возраста (мужчины – 63 года, женщины – 61 год), а также лицам с инвалидностью 1 или 2 группы, установленной бессрочно, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ, в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ за счет обязательных видов пенсионных взносов в связи с достижением пенсионного возраста, а также назначения базовой и солидарной пенсии из государственного бюджета получателям необходимо своевременно обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН) по месту жительства. Сделать это можно за 10 дней до наступления пенсионного возраста. Все виды пенсионных выплат производятся со дня обращения. При этом днём обращения считается день регистрации заявления и необходимых документов в ЦОН при условии, если получатель достиг пенсионного возраста, если он обратился раньше - днем обращения считается день достижения пенсионного возраста. Необходимо помнить о том, что за пропущенный период выплаты пенсии из госбюджета, а также из ЕНПФ не назначаются.

Также важно своевременно обратиться для оформления выплат пенсии из бюджета, потому что для их назначения требуется проверка трудового стажа по представленным получателем документам.

Стоит отметить, что в целях оказания проактивной услуги по осуществлению пенсионных выплат из ЕНПФ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатой, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств. По результатам ежегодной сверки при выявлении лиц, у которых имеются назначенные пенсионные выплаты за счет бюджетных средств, ЕНПФ оказывает им проактивную услугу (беззаявительно) по осуществлению им пенсионных выплат в рамках соответствующего соглашения, заключенного с Государственной корпорацией, на банковские реквизиты, представленные получателями в ЦОН при назначении пенсионных выплат по возрасту.

За выплатой пенсионных накоплений в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочно необходимо обращаться в подразделение ЕНПФ либо через личный кабинет на сайте (enpf.kz) или в мобильном приложении ЕНПФ с использованием электронной цифровой подписи.

Обращаем внимание, что в ЕНПФ для лиц с инвалидностью первой или второй группы, установленной бессрочно, организовано выездное обслуживание. При этом осуществляется предварительная консультация, в том числе проверка на возможность получения услуг дистанционно, без выезда.

Пенсионные выплаты за счет ДПВ можно начать получать до наступления общеустановленного пенсионного возраста – начиная с 50 лет. Кроме того, пенсионные выплаты за счет ДПВ предоставляются лицам с инвалидностью, независимо от группы и срока установленной инвалидности.

Заявление на получение выплат за счет ДПВ по возрасту или в связи с инвалидностью можно подать в онлайн-формате в личном кабинете на сайте enpf.kz. При этом график получения выплат устанавливается вкладчиком самостоятельно.

Следует отметить, что пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

На сайте enpf.kz в разделе «Услуги – Пенсионные выплаты – Выплаты по графику» размещен перечень необходимых документов в зависимости от вида пенсионных выплат, способа их подачи, требования к их оформлению, бланки заявлений и образцы их заполнения, образец доверенности.

Также в целях безопасности и предотвращения мошенничества в отношении вкладчиков АО «ЕНПФ» напоминает:

-Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;

-ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;

-Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;

-Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и

действовать исключительно в правовом поле.

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 771 171 72 01), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

